

**«Қазақстанның инвестициялық қоры»  
АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН  
2016 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_  
протокол № \_\_\_\_\_**

**«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ  
Ақпараттық саясаты**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ақпараттық саясат (бұдан әрі – Саясат) «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі – Заңнама), Қордың Жарғысына және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес дайындалған.

1.2. Саясат «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-на (бұдан әрі - жалғыз акционер), Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына, Қордың қызметіне мүдделі тұлғаларға (бұдан әрі – Мүдделі тұлғалар), инвесторларға, бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі – БАҚ) және басқа тұлғаларға, (бұдан әрі бірлесіп - Ақпарат алушылар) Қор мен олардың мүддесіне қатысты қызметтер туралы қажетті ақпаратты уақытылы беру, Қордың ақпараттық айқындылығын арттыру және Қор мен Ақпарат алушы арасындағы анық ақпараттық ағынның орнатылуы үшін әзірленген.

1.3. Ақпарат Қордың Директорлар кеңесіне (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) Қордың Жарғысына, Қордың директорлар кеңесі туралы ережелерге, Директорлар кеңесінің шешіміне және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес беріледі.

1.4. Саясатта анықталмаған, бірақ қолданылатын терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында және іскери айналымдағы ережелерде пайдаланылатын мағынада қолданылады.

1.5. Қор саясаты келесі принциптерге негізделген:

- **жүйелілік принципі** Қордың ақпаратты Ақпаратты алушыларға тұрақты және жүйелі негізде беруге ниеттенетіндігін және соған дайын екендігін білдіреді;

- **оперативтілік принципі** Қордың Ақпаратты алушыларға қысқа мерзімде хабарлауға, оның ішінде қажет болғанда олардың мүдделері мен Қор қызметіне қатысты маңыздырақ шаралар мен фактілер туралы сәйкес шешім қабылдауға ниеттенетінін білдіреді;

- **қолжетімділік принципі** Ақпарат алушылар үшін Қордың ақпаратты алу әдістерінің мүмкін, еркін және жеңіл болатынын білдіреді;

- **анықтық принципі** Қор бұқаралық ақпарат құралдарында оның мүддесіне кері әсер ететін, Қор қызметі туралы жалған немесе бұрмаланған ақпараттың пайда болу ықтималдығының алдын алу үшін барлық қажетті шараларды орындайтындығын білдіреді;

- **толықтық принципі** ақпараттың Қор қызметі туралы ақпараттың айқындығы үшін жеткілікті, толық көлемде берілетінін білдіреді. Заңнамаға және Қор Жарғысының ақпаратына сәйкес жарияланатын міндетті ақпараттан басқа, Қор өз еркімен ағымдағы және жоспарланатын қызметі туралы ақпаратты және Қор қызметін толығырақ түсіну мақсатында басқа ақпаратты бере алады;

- **теңгерімділік принципі** қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын Қордың құпия мәліметтерін қамтитын ақпаратқа қолжетімділікті шектеп, Қордың мүдделерін қатал түрде қорғау арқылы бір жағынан Ақпарат алушы құқығының максималды түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, ал екінші жағынан құпиялылықты сақтау үшін Қордың ашықтықтың саналы теңгерімін қамтамасыз етуін білдіреді;

- **тең құқықтық принципі** Заңнамамен және Қордың ішкі құжаттарымен қарастырылған жағдайлардан басқа уақытта мүдделі тұлғалардың ақпаратты алу құқығы мен мүмкіндігінің тең құқықтылығын қамтамасыз етуді білдіреді;

- **ақпараттық ресурстарды қорғау принципі** Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасында рұқсат етілген қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын мәліметтерден тұратын ақпаратты қорғау әдістері мен тәсілдерін пайдалану құқығын білдіреді;

- **дұрыстық принципі** өзінің қызметін және еншілес ұйымдардың қызметін айқындау кезінде Қор жағымды ақпаратқа қоса, бұл ақпарат қызметтік, коммерциялық және құпиялылық заңымен қорғалатын басқа ақпарат болмайтын болса, жағымсыз ақпаратты да тең деңгейде жариялауға міндетті болатынын білдіреді.

1.6. Жариялануы тиіс ақпаратты жинақтау, дайындау, келісу және тарату бойынша ішкі процедуралар Қор Басқармасымен орнатылады.

## **2. Ақпаратты жариялау пішімдері мен әдістері**

2.1. Ақпаратты тарату кезінде Қор мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін байланыс құралдарын (PR-құралдарын) қолданады:

- **жазбаша құжат**, талаптарға жауаптарды, бұқаралық ақпарат құралдарындағы (бұдан әрі - БАҚ) жарияланымдарды (хабарларды), брошюраны, Қор қызметі туралы кітапшаларды, есептерді, Қор қызметкерлеріне арналған материалдарды қоса, бірақ онымен шектелмейтін Ақпаратты алушылар үшін дайындалған;

- **ауызша хабарлама**, сұхбаттарды, баспасөз конференциясын, Қордың ішкі және сыртқы жиналыстары мен көпшілік іс-шараларындағы сөз сөйлеулерін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейді;

- **дыбыс-бейне жазба**, Қор ішіндегі және Қордан тыс жиналыстарда, көпшілік және басқа да іс-шараларды (конференцияларда) қолданылатын бейне роликтерді, корпоративтік бейнефильмдерді, радио және телехабарларды, сөз сөйлеу мен сұхбатты, слайдтар мен басқа да көрнекі көрсетілімдерді қамтиды, бірақ онымен шектелмейді;

- **электронды тасымалдаушыларда бағытталатын (жөнелтілетін) материалдар**, оның ішінде электрондық поштамен, дисктерді, USB

құрылғыларын және басқа да тасымалдаушы құрылғыларды қамтиды, бірақ онымен шектелмейді.

2.2. Ақпаратты жариялау Қордың ақпаратты мына әдістермен тарату жолдарымен жүзеге асырылады:

- Заңнамамен, Қор Жарғысымен, осы Саясатпен және Қордың басқа да ішкі құжаттарымен (бұдан әрі – Қор құжаттары) қарастырылған тәртіпте Ақпарат алушының ақпаратына (құжатарына) қолжетімділікті береді;
- БАҚ-на жариялау;
- мына мекенжай бойынша Интернет желісіне, Қордың корпоративтік веб-сайтына жариялау: [www.ifk.kz](http://www.ifk.kz) (бұдан әрі – Қор сайты) және Facebook пен басқа әлеуметтік желілердегі Қордың ресми парақшасына;
- Қордың ішкі ресурстарына жариялау («Microsoft Outlook Express», «Outlook Express» және басқа бағдарламалық өнімдер);
- Ақпаратты алушылармен баспасөз конференцияларын және кездесулерді жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да әдістер.

### 3. Ақпаратты жариялау тәртібі

3.1. Қор қызметі туралы ақпарат үш топқа бөлінеді:

- жалғыз акционерге және Қор инвесторларына жариялануы тиіс мәліметтер;
- міндетті түрде уәкілетті мемлекеттік орган орнатқан тәртіпте берілуі керек мәліметтер;
- Мүдделі тұлғаларға, БАҚ-на және басқа тұлғаларға жарияланатын мәліметтер.

**3.2. Ақпаратты жалғыз акционерге және Қор инвесторларына жариялау.**

3.2.1. Жалғыз акционер мен Қор инвесторларының құқықтары мен мүддесін қорғау мақсатында Қор Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте Қор туралы ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

3.2.2. Қордың жауапты құрылымдық бөлімшелері өз құзыреттері аясында жалғыз акционердің және инвесторлардың талабы бойынша ақпараттың орнатылған тәртіпте берілуін қамтамасыз етеді.

3.2.3. Жалғыз акционерге мына ақпарат беріледі, бірақ олармен шектелмейді:

- жалғыз акционер мүддесіне қатысты ақпарат;
- Заңнама мен Қор Жарғысына сәйкес корпоративтік ішкі жағдайлар туралы ақпарат;

- Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексеру нәтижелері;

- Қордың құнды қағаздарын сатып алудың басым құқығы бойынша жарияланатын ақпарат;

- Қор Жарғысына, Заңнамаға, жалғыз акционер және Қордың Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес басқа ақпарат.

3.2.4. Қор Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) және Қор Жарғысының талаптарына сәйкес жалғыз акционер мен Қор инвесторларына Қордың корпоративтік шаралары туралы ақпарат береді.

3.2.5. Басқаша жағдай Қор Жарғысымен және Қордың ішкі құжаттарымен орнатылмаған болса, Қордың жалғыз акционеріне берілетін Қордың жылдық есебінде мыналар көрсетілу керек:

- Қордың қаржылық және операциялық қызметінің нәтижелері;
- Қор қызметінің басым бағыттарының (даму стратегиясы) мақсаттары мен оларды орындау нәтижелері (жетістіктер);

- Қор жекеменшігінің және еншілес (тәуелді) ұйымдарының құрылымындағы өзгерістер;

- Директорлар кеңесінің жылдық есебі;

- Қор қызметімен байланысты тәуекелдерді барынша азайту үшін қолданылатын шараларды сипаттау;

- есептік жылда жасалған әрбір мәміле тарабы, шарты, оның жасалуы туралы шешім қабылдаған Қор органы көрсетілген, ірі мәмілелер мен орындалуында Қор мүддесі бар мәмілелер тізімі;

- есептік жылдың қорытындысы бойынша Қордың ішкі құжаттарымен орнатылған тәртіпте төленген немесе төлену керек Қордың лауазымды тұлғаларының сыйақы (шығындар өтемақысы) мөлшері;

- мүдделі тұлғалармен байланысты мәселелер;

- мемлекеттен алынатын кепілдемелерге және Қор қабылдаған мемлекет, үшінші тараптар алдындағы кез келген міндеттемелерге қоса барлық қаржылық қолдау;

- кез келген маңызды корпоративтік шаралар;

- Қор Жарғысымен және Қордың ішкі құжаттарымен қарастырылған кез келген ақпарат.

### **3.3. Ақпаратты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жариялау.**

3.3.1. Қор Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында орнатылған тәртіпте береді.

3.3.2. Қор ақпаратты мына мемлекеттік органдарға міндетті тәртіпте жариялайды, бірақ олармен шектелмейді:

- құнды қағаздар нарығын реттеуші және бақылаушы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға;

- салық салу мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға;

- статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға;

3.3.3. Құнды қағаздар нарығын реттеу және бақылау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес Қор мына сипаттағы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында орнатылған тәртіпте жариялайды:

- үлестес тұлғалар туралы мәліметтер;

- эмиссиялық құнды қағаздарды шығару проспекті;

- эмиссиялық құнды қағаздарды орналастыру қорытындысы туралы есеп;

- Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес басқа ақпарат.

3.3.4. Қордың үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жинақтау және тікелей есеп жүргізу жұмыстарын Қордың ішкі құжаттарына сәйкес Қордың құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады, сондай-ақ Қордың Басқарма Төрағасы және (немесе) оның уәкілетті тұлғасының қолы қойылған құжаттарды құнды қағаздар нарығын реттеуді және бақылауды жүзеге асырушы мемлекеттік органға жібереді.

3.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес Қор оларға өз құзыреті шегіндегі тиісті ақпаратты береді.

Қазақстан Республикасының заңында Қорға мұндай ақпаратты беру міндеттемесі жүктелмеген болса және талап етілетін нәрсе сәйкес мемлекеттік органдардың құзыреті шегінен шығатын болса, әрбір нақты жағдайда сұралатын ақпаратты беру туралы шешімді Басқарма Төрағасы немесе Қор Басқармасының өзі қабылдайды.

Шектеулі рұқсаты бар ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қор құжаттарының талаптары ескеріле отырылып беріледі. Бұл кезде Қор ақпарат берілетін мемлекеттік органдардан оның жарияламау туралы міндеттемелерін ұстануды талап етуге құқылы.

3.3.6. Мемлекеттік органдарға жарияланатын ақпарат тізімінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін.

### **3.4. Мүдделі тұлғаларға, БАҚ-на және басқа тұлғаларға жарияланатын ақпарат**

3.4.1. Қор Мүдделі тұлғалардың құқығына және мүддесіне қатысты ақпаратқа қолжетімділікті Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес уақытылы және жүйелі негізде қамтамасыз етеді.

3.4.2. Кредиторлар мен Қордың жалғыз акционеріне хабарлау мақсатында Директорлар кеңесі Қордың ірі мәмілелер мен орындалуында Қор мүддесі бар мәмілелер жасайтыны туралы шешім қабылдаған соң, Қордың корпоративтік хатшысы PR–менеджеріне Қордың корпоративтік веб-сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға арналған сәйкес ақпаратты сұранысы бойынша береді.

3.4.3. Қордың корпоративтік веб-сайтында жариялау қажетті материалдары бар қызметтік жазбаны тиісті Қордың құрылымдық бөлімшелеріне, PR-менеджердің мекенжайына жіберу арқылы орындалады. Ақпаратты Қордың корпоративтік веб-сайтына жариялау жұмыстарын PR-менеджер жүзеге асырады. Бұл кезде ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде, қажет болғанда ағылшын тілінде жарияланады.

3.4.4. Қорға түсетін БАҚ **сұраныстарына** жауап болып табылатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес беріледі.

3.4.5. Қор қызметкерлері еңбек және еңбекті қорғау шарттары туралы толық әрі анық ақпаратты алуға құқылы. Бұл ақпарат, сондай-ақ, қызметкерлердің лауазымдық міндеттемелерін орындауға қатысты басқа да ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында анықталған тәртіпте, еңбек шартына қол қойылған соң қызметкерлердің назарына беріледі.

3.4.6. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын басқа ұйымдардың, соның ішінде БАҚ сұраныстары бойынша Қор ақпаратты тек шектеулерді есепке алып және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында анықталған тәртіпте бере алады.

Қор бұл тұлғалардан ақпаратты берумен байланысты шығындарды (көшірге, жөнелтуге, поштамен жіберуге және т.б.-ға жұмсалатын шығындар) қайтаруын талап етуге құқылы.

3.4.7. Қор аудиторлық ұйымдармен, консалтингтік компаниялармен (кеңес берушілермен), рейтингтік агенттіктермен қарым-қатынаста болған кезде ақпаратты жариялау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың ішкі құжаттарымен және осы ұйымдар жасасқан келісімшарттармен анықталады.

### **3.5. Алғашқы ақпаратты жариялау.**

3.5.1. Қор сәйкес баспасөз хабарламасы шығарылмайынша Қордың таза пайданы немесе басқа көрсеткіштерге қатысты болжам бермейді.

3.5.2. Бұл кезде Қордың инвестициялық қоғамдастыққа пікірлердің анық емес болу ықтималдығы үшін жауапкершіліктен босатуға сілтемеге қоса алғашқы ақпаратты беруі мүмкін. Мұндай ақпарат келесі жағдайларда аналитиктер мен инвесторлардың оны дамыту болашағын және Қордың әділ бағалауын қамтамасыз ету мақсатында жеткілікті түрде толық көлемде беріледі:

- ақпарат шектеулі қолжетімділігі бар ақпарат болып табылмайды;

- ақпарат қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы болжамды қамтымайды;

- ақпарат Қордың уәкілетті қызметкерлерімен дайындалған.

3.5.3 Мұндай алғашқы ақпараттардың мыналарды қамтуы мүмкін:

- кірістер, шығындар мен күрделі қаржы шығындары көлемін бағалау;

- жаңа жобалар туралы ақпарат;

- жоғарыда көрсетілген жағдайларды есепке алғандағы басқа коммерциялық және техникалық ақпарат.

3.5.4. Жаң ақпараттың алдында жарияланған ақпараттан ауытқуы туралы түсініктеме берілмейтін болса, алғашқы ақпарат жылдық, тоқсандық және басқа да есептерді, сондай-ақ маңызды фактілер мен баспасөз хабарламасы туралы хабарларды қамтитын бұрын жарияланған ақпаратқа қайшы келмеуі керек.

3.5.5. Алғашқы ақпарат жазбаша құжатта қамтылған жағдайда, онда ол бұл ақпараттың алдын ала жасалғандығы және айтарлықтай өзгеруі мүмкін екендігі туралы сәйкес ескертуді қамту керек. Алғашқы ақпарат ауызша жарияланатын болса, мұндай ескертуді атап өту немесе мәтінінде осыған ұқсас ескерту қамтылатын баспасөз хабарламасын немесе есепті дәлел етіп ұстау керек.

3.5.6. Қарапайым жұмыстарды жүргізу барысында Қордың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты алғашқы ақпаратты Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ қаржы нәтижелерін дайындаумен және жариялаумен байланысты жұмыс атқаратын Қордың жеке қызметкерлері талқылай алады. Жоғарыда аталған тұлғалар мұндай ақпараттың жарияланбауына толығымен жауапты.

3.6. Қызметтік, коммерциялық немесе Қордың Жарғысына сәйкес заңмен қорғалатын басқа да құпия мәліметтерден тұратын Қор немесе қор қызметі туралы ақпарат Қордың Директорлар кеңесімен анықталады.

3.7. Қор қызметкерлері құнды қағаздар нарығының субъектілерімен қарым-қатынаста болған кезде Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңында, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілерінде және Қордың ішкі құжаттарында қарастырылған шектеулерді басшылыққа алу керек.

3.8. Дағдарыс, төтенше және қайшылық жағдайларында Қор туралы ақпаратты жариялау кезіндегі Қор бөлімшелерінің қарым-қатынас тәртібін Қор Басқармасы анықтайды.

3.9. Ақпараттық–имидждік сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін жауапты тұлға Қордың PR-менеджерінің лауазымдық нұсқаулығына және Қордың басқа да ішкі құжаттарына сәйкес Қордың PR-менеджері болып табылады.

3.10. Қор қызметтерінің айқындылығын арттыруға Қор Басқармасы жауапты.



3.11. Егер алғашқы ақпарат БАҚ-на арналған болса, Қордың PR-менеджері Қордың жалғыз акционерінің баспасөз қызметімен алғашқы ақпаратты келісіп алады.

#### **4. Қор қызметі туралы көпшілік ақпаратты жариялау**

4.1. Корпоративтік басқарманың сәйкес тәжірибесі Қор беделін нығайтуға үлес қосады.

4.2. Қор Қазақстан ішіндегі және одан тыс қоғамның өз қызметі туралы хабардар болу деңгейін арттыруға ұмтылуда. Мұның Қор туралы қоғамның оңтайлы пікірінің (ұнамды имидждің) қалыптасуына және инвесторлар мен қоғам тарапынан сенімділіктің нығаюына үлес қосуы мүмкін.

4.3. Қор Басқармасы жыл сайынғы негізде соған сәйкес БАҚ мақалалары, сұхбаттасулар, баспасөз хабарламалары, жылдық қаржылық есептер, басқа да қажетті ақпараттар жарияланатын, сондай-ақ, радио және теле бағдарламалар көрсетілетін жоспардың бекітілуін қамтамасыз етеді. Бұл жоспарды Қордың жалғыз акционерінің баспасөз хабарламасымен келісіп алу керек.

4.4. Сондай-ақ Қор жариялауға арналған ақпаратты қамтитын баспасөз хабарламаларын – БАҚ-на арналған қысқаша арнайы хабарламаларды жариялайды. Баспасөз қызметінің негізгі тапсырмасы – жаңалықтарды мына түрде хабарлау:

- БАҚ-да толығымен немесе ішінара жарияланатын түрде;
- қоғамды қызықтыратын түрде.

4.5. Қор корпоративтік веб-сайтта және БАҚ-да жариялайтын Қор қызметіне қатысты баспасөз хабарламаларын, сұхбаттасулар мен басқа да жарияланымдарды Қордың Басқарма Төрағасымен немесе уәкілетті тұлғалармен, сондай-ақ, Қордың жалғыз акционерінің баспасөз қызметімен келісіп алу керек.

4.6. Қордың ішкі құжаттарында көрсетілген тәртіпте Қор қызметкерлері Қазақстан территориясында және одан тыс жүргізілетін конференцияларда сөз сөйлей алады.

4.7. Қор өз қызметі туралы брошюралар мен басқа да баспасөз басылымдарын шығаруға құқылы.

4.8. Ақпарат Қордың корпоративтік веб-сайтында бір уақытта мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады және қажет болса, ағылшын тілінде жарияланады.

4.9. Қор орнатылған тәртіпте Қордың корпоративтік веб-сайтының уақытылы, толық және сапалы жаңартылуы үшін, Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлеріне міндеттеме жүктейді.

4.10. Қордың веб-сайтында мына ақпарат пен құжаттар жарияланады: (Қор тарихы, Қордың ұйымдық құрылымы, Қор басқармасының корпоративтік құрылымы, негізгі корпоративтік құжаттар, Қорды дамыту

стратегиясы, Қордың сатып алулары туралы мәліметтер, Қордың маңызды корпоративтік іс-шаралары, қаржылық есептілік, Қордың жылдық есебі), сондай-ақ Қор қалауы бойынша жарияланатын басқа да ақпарат.

## **5. Қор органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ақпаратты жариялауы**

5.1. Қор органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ақпаратты жариялау бойынша мүддесі мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес анықталған.

5.2. Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе басқа да Қазақстан Республика заңнамасымен қорғалатын Қордың құпия мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша талаптарды ескере отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге ресми түсінік беруге, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жиналысында қарастырылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің пікірін баяндауға құқылы.

5.3. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе басқа да Қазақстан Республика заңнамасымен қорғалатын Қордың құпия мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша талаптарды ескере отырып, Директорлар кеңесінің жиналысында қарастырылған, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің жиналысында қабылданған мәселелер бойынша өз пікірін баяндауға құқылы.

5.4. Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелері ақпарат пен есептіліктің ұйымдастырылуы және Ақпарат алушыларға уақытылы берілуіне, осындай ақпарат пен есептіліктің күйі мен дұрыстығына жауапты.

5.5. Жалғыз акционердің уәкілетті тұлғасы, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Қор Басқармасының төрағасы мен мүшелері (өз құзыреті шегінде) айрықша Қордың қызметімен байланысты мәселелер бойынша көпшілік сөз сөйлеулер мен түсіндірме беруге құқылы.

Белгіленген тұлғалар мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе басқа да Қазақстан Республика заңнамасымен қорғалатын Қордың құпия мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша талаптарды ескере отырып, Қор қызметкеріне сәйкес бұйрықты жіберу арқылы Қор атынан елде және елден тыс конференцияларда, жиналыстарда, семинарларда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жұмыс органдарының жиналыстарында, басқа да қоғамдық іс-шараларда көпшілік алдында сөз сөйлеуді, баспасөз конференцияларына, телефон және бейне конференцияларға қатысуды, сұхбат беруді, қазақстандық және шетелдік БАҚ-да, қаржылық және инвестициялық компанияларға түсініктеме беруді жүктей алады.

Орнатылған тәртіпте Қордың атынан көпшілікте сөз сөйлеуге уәкілетті емес тұлғалар Қор қызметі туралы пікірлері мен жауаптарын, сұрақтар мен талаптарын беруге құқылы емес.

5.6. Қор қызметкерлері дайындаған жарияланымдар/сөз сөйлеу мәтіні міндетті түрде Қордың Басқарма Төрағасымен, оның міндеттерін орындаушымен, сондай-ақ, Қордың жалғыз акционерінің баспасөз қызметімен келісіп алынады.

5.7. Лауазымды тұлғалар мен Қор қызметкерлері Қордың қызметі туралы ақпаратты осы Саясатқа сәйкес толық мөлшерде жариялауға міндетті.

## **6. Басқа да ережелер**

6.1. Қор алдымен Қор басқа тұлғалардан алу керек ақпаратты жариялау қажет болса, Қор мұндай ақпаратты уақытылы алу және жүйелі жаңартылып тұруы үшін барлық шараларды орындайды.

6.2. Қор құпия сипатқа ие және (немесе) қолжетімділігі шектеулі ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте қорғайды.

6.3. Қорға және/немесе жалғыз акционерге зиян келтіруге әкелетін ақпаратты жариялауға қатысты Қазақстан Республикасының заңы, Қор Жарғысы, осы Саясат және Қордың ішкі құжаттары бұзылған жағдайда, айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасымен орнатылған тәртіпте жауапқа тартылады.

6.4. Қазақстан Республикасының заңы, Қор Жарғысы өзгерген жағдайда, осы Саясат нормаларының Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін бөліктері әрекет етеді.